



**ӘЛ-ФАРАБИ атындағы  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
имени АЛЬ-ФАРАБИ**

**«БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН  
ЖАҢҒЫРТУ: АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ  
КАДРЛАР ДАЙЫНДАУ САПАСЫНЫҢ КЕПІЛІ»  
46-ғылыми-әдістемелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

14-15 қаңтар 2016 жыл

3-кітап

**МАТЕРИАЛЫ  
46-й научно-методической конференции  
«МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ  
ПРОГРАММ: АККРЕДИТАЦИЯ И ГАРАНТИЯ  
КАЧЕСТВА ПОДГОТОВКИ КАДРОВ»**

14-15 января 2016 года

Книга 3

**Алматы 2016**

## Резюме

Лексика является одним из важнейших аспектов в изучении иностранного языка, так как лежит в основе обучения другим сторонам и видам речевой деятельности. Объем вводимой лексики постепенно увеличивается и усвоение новых слов нередко становится скучным и потому трудным занятием. Среди наиболее эффективных методов обучения иностранной лексике можно выделить игру. Игра обеспечивает активное участие каждого, стимулирует речевое общение, способствует формированию интереса и стремления изучать иностранный язык.

Мухатаева Қ.

### ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ СҮЛТАНМАХМҮТ ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУ

Қазақтың аса көрнекті ақыны Сұлтанмахмұт өзінің аз ғана жасаған өмірінде артына мәні өшпестей елеулі де құнды шығармалар қалдырды, алайда ол өз туындыларын көзі тірісінде түгел жариялау былай тұрсын, оларды қайта қарап жөндеп, оңдеуге де қолы тимегені мәлім. Бұған өмірінің мейлінше қысқалығымен қатар, денсаулығының нашарлығы да себеп болған тәрізді. Ақын қайтыс болғаннан кейінгі 1922 жылы Қазан қаласында Б.Күлесев бастырған “Адашқан өмір” атты кітабы мен 1933 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген толық жинағында да (дайындап, бастырған Ж.Аймауытов) ор алуан кемшіліктер орын алғаны мәлім. Кеңес үкімет кезінде оның шығармалары өртүрлі хрестоматияларда арнаулы жинақтарда үздіксіз басылып жарық көріп келді. Ақын шығармашылығын жариялап зерттеуде М.Әуезов, С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, Б.Шалабаев, С.Айтмұқанов, Қ.Бисембиев, Е.Ысмайлов, Т.Нұртазин, Т.Әбдірахманов, Қ.Нұрмаханов, М.Сәрескеев, К.Шөменов ескілі зерттеушілер елеулі үлес қосты. Әсіресе, бұл салада белгілі ғалым Б.Кенжебаевтың зерттеп жариялауда еткен еңбегін ерекше бөліп атаған жөн. Бұдан кейінгі белгілі ғалым Ы.Т.Дүйсенбаев Сұлтанмахмұт шығармашылығына түгелдей жанаша баға бере отырып, ол жөнінде монографиялық еңбек жазып шықты.[1]. Оның көлемді де күрделі еңбегі ең алғаш М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған алты томдық қазақ әдебиетінің тарихына еніп, кейін “Жазушы” баспасынан жарық көрген Сұлтанмахмұттың екі томдық жинағында басылды [2],[3]. Зерттеуші ақынның түпнұсқа саналатын өз қолжазбаларының бізге түгелдей жетпегенін ескере отырып, оның 1922, 1933 жылдарғы алғашқы басылымдарын негізге алуға тура келгенін атап өтті. Дегенмен аталған жинақтарда ақынның шығармаларына ғылыми түсініктің берілмеуіне де, өмірлік деректер мен оның қайсыбір, қарама-қайшылықтарын ашатын дерек көздерінің жоқ-жұғандығына да мән береді. Ал, 1950, 1957 жылдарғы басылымдарда Сұлтанмахмұттың жаңадан табылған өлеңдерінің бәрін түгелдей қабылдай аламыз ба, жоқ па деген ойларын ортаға салады. Бұған сол жаңа өлеңді тапсырған кісілердің адалдығы мен тазалығы қандай, бұл қырыққа тарта өлеңдерді өзге әдіс-тәсілдермен (стильдік тұрғы мен ғылыми жорамалдар, т.б.) анықтаудың амалдары бар ма деген ойлы да құнды ұсыныстар жасайды.

Ы.Т.Дүйсенбаев Сұлтанмахмұттың 1967 жылы екі томдық ғылыми басылымын жарыққа шығарды. Ақын шығармаларына көлемі 4 баспа табақтық ғылыми түсінік жазылып (дайындағандар Б.Ақмұқанова мен М.Жармұхамедов), кейбір назардан тыс қалып келген туындылары, бұрыннан мәлім, жаңа өлеңдерінің бір тобы қайтадан жинаққа енгізілді. Аталған екі томдық жинаққа көз көрген замандастары мен дос-жарандарының ақын өмірі туралы жазған бұрынғы естеліктері де қосылды. Сұлтанмахмұттың өмірі мен жастық шағын айқындап аша түсетін тың материалдарды да (жарық көргені, көрмегені бар) автордың орнымен пайдаланғаны аңғарылады.

Ақын лирикаларын сөз еткенде, оның 1913-1914 жылдарғы еңбегінің ерекше жемісті болғанын, мұнда кейбір жоғалып кеткен туындыларынан тыс, елуге тарта өлең, бірнеше мақалалар, көлемді поэма, бір роман жазып үлгіргенін көреміз. Солардан: “Түсімде (1913), “Бұлар кім?” (1913), “Кешегі түнгі түс, бүгінгі іс” (1913), “Бір балуанға қарап” (1913), “Ендігі бет алыс” (1914), “Тұрмысқа” (1914), “Айт” (1914), “Қошу” (1914), “Бір адамға” (1914) іспеттес лирикалық өлеңдерінде, суреткер ақын бірде ескілік көріністерін жиіркене сипаттап, олардың снықсыз туғаларын көз алдына әкеліп суреттесе (“Бұлар кім?”), енді бірде күнделікті өмірге мән бере қарап, одан үлкен өмірлік қорытынды шығарады (“Бір балуанға қарап”). Болашақтан

зор үміт күткен жалынды жас ақын ауыл көріністеріне жаны ауыра қарап, шындықты өз қалыңында беруге ұмтылады (“Айт”, “Қошу”). Ақын лирикаларын осылайша топтап жинақтай отырып баға бергенде оның “Қымыз”, “Елдігі бет алыс”, “Тұрмысқа”, “Бір адамға” секілді өткір әлеуметтік мәнді лирикаларына арнайы атап өтуге болады. Бұлардағы түр мен мазмұнның өз ара астаққан бірлігі мен келісті де көркем сипатын ол Абай негізін салған сыршыл лириканың ықпал-әсерінен деген ой қорытындылауға болады.

Рас, Сұлтанмахмұт тәрізді сезімтал да сергек ақынның өз түсындағы ең күрделі мәселелердің бірі – ойел теңдігі мәселесіне қалам тартпауы мүмкін емес еді. Бұл тақырыпқа “Кім жазықты?”, “Қамар сұлу” секілді романдарынан тыс, ол “Сымбатты сұлуға”, “Гүлөйім”, “Жан қалқам”, “Қыз сүю” тағы басқа лирикалық өлеңдерін арнады. Бұларда сүйгеніне бара алмаған қазақ қыздарының сол кездегі мүшкіл халіне орай ақынның қоңыл-күйі, ішкі сезімдері зор тебіреніспен сөз етіледі. Алайда бұларда қыз тағдырына сәйкес толғаным пен торығу сезімі бола тұрса да, ақын бойындағы жалын шашқан үміт, оптимизм айқын аңғарылады. Осы бағытта оның “Келді хатың мен шаршап”, “Алты аяқ”, “Күңгірт түспен ойға бағып”, “Ей, махаббат, ей, достық”, “Дүниедегі қызықтың” тәрізді лирикалары ішкі қайғы-қапасын, ой-күлшыныс, жүрек сырын бейнелеуге арналады. Тағы бір алуан лирикаларында (“Жүрегім, тулап шабасың”, т.б.) ақынның жеке басының қоңыл-күйінен тыс, өзін айнала қоршаған мардымсыз, надан топқа деген көзқарас, танымын да айқын білдіреді.

Соңғы жылдарғы жырларынан оның “Шәкірт ойы” (1917 ж.) атты лирикалық өлеңін жеке бөліп атауға болады, мұны ақын өмірдегі аяға қойған ізгі міндет-мақсаттарының жинақтаған қорытындысы ретінде ұсынады :

Қараңғы қазақ көгіне,  
Ормелен шығып, күн болам!  
Қараңғылықтың кегіне,  
Күн болмағанда, кім болам!  
Мұздаған елдің жүрегін,  
Жылытуға мен кірермін!-  
деген оптимистік бағатан көреміз.

Зерттеуші Ы.Дүйсенбаев тұжырымына сүйенсек, ақынның осы өлеңіне орай өз ойын қорыға келіп: “Шәкірт ойында” ...өлеңінің әр сөзі нық, дәл, нақты ғана емес, әр жолы шын ақындық шабыттан шалқып шығып, лапылдап жанып тұрған отты, өршіл өлең: әсем әуез, сұлу жыр. Мұны тебіренбей, толқымай қабылдау мүмкін емес! Ақын не үшін Күн болатынын және кім үшін қызмет істейтінін өзі де анық түсінеді, өзгеге де ұтымды түсіндіреді. Мақсаты әр де, сенімі зор”,- деп биік бағалайды [4, 374 б.].

“Адаққан өмір” мен “Кедей поэмалары ақын шығармаларынан елеулі орын алады, өйткені ақын бұл поэмаларды өтпелі, жаңсақ басқан дәуірден өтіп, әбден жетіліп толысқан шағында жазып аяқтайды. Сол себепті бұл екі дастан ақынның бел-белестеріндегі шоқтықты да көркем дүниелері еді. Өз өмірінің соңғы сәттерінде туған бұл дастандарда ақын халқының алдында өзінің міндет-борынын қалай орындағанына ойланып-толғанып сесіп бергендей болады. “Адаққан өмір” поэмасының әдебиетімізге соны деп деп серпін әкелген жаңалық сипаттарына орай Сұлтанмахмұт шығармашылығын зерттеуші Ы.Т.Дүйсенбаев бұл жөйында: “Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің “Адаққан өмір” атты поэмасымен қазақ әдебиетіне үлкен бір жаңалық әкелгенін ашып айтуымыз қажет. Ол жаңалықтар неде? Ең алдымен, ақынның өмір жөніндегі философиялық топшылаулары өте терең болып келуімен бірге, осы поэманың ішіне заманның ең басты деген мәселелерін сыйғыза білуінде болса керек. Екіншіден, жастық шақ, орта жас, көріпк кезең, өлім сәтін сөз еткенде, Сұлтанмахмұт өз ойларын абстрақты түрде бұлдыр етіп бермейді, әрбір ұғымды дәуір шындығы арқылы бейнелемек болады, екінші сөзбен айтқанда, реалистік негізге құрады” – деп жазады. [4, 386 б.].

Зерттеуші Т.Дүйсенбаев пікірлеріне сүйенсек Сұлтанмахмұттың “Кім жазықты?” туындысын роман тобынан бөліп алып “Адаққан өмір”, “Кедей”, “Қайғы” (үзінді) секілді поэмаларына қосқанды жөн санайды. Бұған дәлел ретінде бұл шығарманың түпнұсқасының жоғалып кеткенін, ал, кейінгі көшірмесінің өзінің бізге толық күйінде жетпегенін дәлелге келтіре отырып, оны поэма қатарына жатқызып сөз етуге алған рет талпыныс жасайды. Осыған орай “Кім жазықтының” эпитафия етіп алынған мына бір шумақ өлеңді ақынның жайдан-жай келтірімегеніне де зер салады:

Бір сөзім бар шалдуар, -  
Болмаса да тыңшысы.  
Бұл күнде жоқ, соң туар, -  
Роман менен сыншысы –

деген автор сөзіне мән бере қарап, ақынның алғаш өз шығармасын қалай атауды білмей, романның көлемі мен көгерер жүгінің ауырлығын шамалап сезінгені айқын аңғарылады. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеуші “Кім жазықтыны” поэма жанрына қоса отырса да, бұл шығарманың өз дәуіріндегі өмірді кеңінен қамтып жан-жақты сипаттауда бір елеулі қадам жасағанын атап көрсетеді. Автор аталған поэманың өзіндік ерекшеліктерімен қатар, ең алдымен, қазақ әдебиетінде бұрын болмаған дәстүрлі бастап, қазақ халқы өмірінің жақсы-жаман жақтарын, сондай-ақ ондағы толып жатқан кереғар-қайшылықтарды, өмірдегі әділетсіздіктерді ашып, көрсете білген. Осы сипаттарымен бұл туындыны автор өлеңмен жазылған роман демесе де, қазақ халқының өмірін бейнелейтін кесек шығармалар қатарына қосқанды жөн санайды.

“Қамар сұлу” романының оқиға жүйесінің өрбін дамуына келгенде, жазушы негізінен хронологиялық әдісті ұстанып отырады. Мұнда романда бола беретін іпегіністер мен жарыса жүріп жататын қосалқы оқиғалар кездесе бермейді. Барлық оқиға бір ғана Қамар сұлудың тоңірегіне топталған, өзге кейіпкерлердің тағдыр-талайы да Қамар сұлуға байланысты көрініп шешіліп отырады.

Автор романда бір топ жағымды, жағымсыз кейіпкерлердің жаңа бейнелерін жасап, күні өткен көне салт, ескі әдет-ғұрыптарды аяусыз да қатал сынайды, жастарды қашан да өз бақыттары үшін батыл күреске үндейді. Осындай сипаттарымен бұл романның жаңадан қалыптаса бастаған қазақ прозасының дамуына зор үлес болып қосылғаны даусыз.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Сұлтанмахмұт шығармаларының жаңа кезеңінің басталғанын көреміз. Оған дәлел бір «Қамар сұлу» романының өзі төрт рет басылыпты. 1999 жылы Елорда баспасынан, 2002 жылы Атамұра баспасынан, 2009 жылы, 2011 жылдары Жазушы баспасынан 2000 данамен шығарылған. Сонымен бірге үш томдық шығармалар жинағы, 1-2 томдарын 2002, 2003 жылдары Жібек жолы баспасы шығарса, 3 – томы 2005 жылы Алаш баспасынан шыққан. «Алаш ұраны»- деген атпен таңдамалы шығармалары Жазушы баспасынан 2002, 2003, 2004 жылдары жарық көрсетсе, «Асыл сөз» деген атпен өлеңдері мен дастандары ҚАЗАқпарат баспасынан шығарылды. «Сарыарқаның жаңбыры»: өлеңдер мен дастандарын Раритет баспасы 2007 жылы шығарса, Ан-Арыс баспасы өлеңдер, поэмалар, романын 2009 жылы оқырманға тартады. Ерекше атап өтетін бір басылымы Халықаралық Абай клубы 2009 жылы шығарған Дүние дөңгелегі айналады- деген атпен таңдамалысының шығарылуы. Таңдамалы «Кітап- ең сабырлы ұстаз»- тақырыбымен берілген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Тек кітап ғана қайырымдылық пен айуандықтың, ақиқат пен жалғанның ара жігін айықпай танып білуге үйретеді» деген кітаптың адам өміріндегі ролін айқындауымен ашылған. Сонымен бірге Б.Сағынтаевтың «Сөз сұлтан»- Сұлтанмахмұт» және тарих ғылымының докторы, профессор Ж.Нұрмағанбетовтың «Бір туар асыл ақын» деген аңғы сөздері берілген. Біз көріп отырғандай 10-12 жылдың арасында Сұлтанмахмұт шығармалары 14-15 рет жарық көріпті.

Бұрынғы басылымы бар, бүгінгі басылымы бар Сұлтанмахмұт шығармашылығына сәйкес басты-басты ой қорытсақ, олар мынаған саяды. Ол, ең алдымен, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихынан келелі орын алатын демократ ақын, қазақ халқының өмірін әр қырынан ашып суреттеген реалист жазушы. Ол жастарды оқу, білім, өнерге шықырып, жалынды да орнпал жырларымен халық боланағы үшін жанын ортаға салып күрескен патриот. 1917-1919 жылдары Алашорда тобында ұлтшылдық бағытта жазған өлеңдерінің өзінде ел-жұрт камын ойлаудан танған емес. Ақын әрі жазушы Сұлтанмахмұт әдебиетіміздегі проза, поэма, публицистика жанрларының жаңа бағытта өркендеп қанат жаюына, көркемдігі артып қалыптаса дамуына айтарлықтай зор үлес қосты. Осының бәрі Сұлтанмахмұттың әдебиетіміздегі орны мен шығармаларының мән-маңызын ашып танытса керек.

#### Әдебиеттер

1. Дүйсенбаев Ы. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы, 1967. – 114 б.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. Т.2. 2-кітап. – Алматы, 1965. – 523 б.
3. Торайғыров С. Шығармалар. Екі томдық. – Алматы, Жазушы, 1967. – Т.1.-315 б. Т.2. 317 б.
4. XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары. – Алматы, 1963. – 467 б..

Мергенбаева К. К., Тілепберген А.

#### ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ САБАҚТАР

Қазіргі кездегі білім берудегі мақсат жан-жақты дамыған өзіне сенетін өмірге икемді тұлға қалыптастыру. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін әр оқытушы заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар шығармашылықпен жұмыс істеп, жаңа технологияны шебер меңгеріп білігі мен білімі жоғары болуы тиіс. Ойын түрінде өтетін сабақ, зерттеу, сайыс, ойын түрлерінде өтетін сабақтар оқытушының кәсіби потенциалын көтеру мен қатар, студенттердің ой-өрісінің, өзіндік ізденісінің дамуына ықпалын тигізеді.

Ал біздің мамандық бойынша, білім берудің негізгі мақсаты – баспа ісін тәжірибе жүзінде оқып үйренуге мүмкіндік жасау, сондай-ақ зертханалық жұмыста баспалық компьютер бағдарламаларымен жұмыс істей білуге үйрету және толығымен меңгеру, яғни әрбір зертханалық жұмыс үшін дайындықты тексеру сұрақтары, теориядан мағлұмат, жұмыстың орындалу тәртібі және жұмысты тапсыру сұрақтары беріледі. Зертханалық жұмысты орындау барысында қойылатын талаптар жалпы әдістемелік нұсқау бойынша білім беріледі.

Біріншіден, сабақтың типі – сабақ типінің бір-біріне ұқсамайтын бірнеше жолдарына, сабақтың дидактикалық мақсатына, сабақ үрдісінің негізгі кезеңдеріне, материал мазмұнына, оқыту әдістері мен студенттердің оқу еңбегін ұйымдастыру тәсілдеріне байланысты бірнеше түрлерін қолданамыз. Яғни, жаңа білімдерді хабарлау, меңгерту; білімдерді бекіту, дамыту, білімдік, біліктік дағдыны қалыптастыру; қайталау, пысықтау, дағдыларды бекіту; бақылау, тексеру; аралас; жинақтап қорыту және оқыған материалдарды жүйеге келтіру сабақтары қарастырылады.

Ал сабақтың түрі жіктемесі бойынша, әрбір сабақ тұтас педагогтік процестің функциясын орындайды. Соның нәтижесінде сабақ – көп жоспарлы, құрылымы әр түрлі болып жіктеледі. Сабақтар дидактикалық мақсатына және сабақ үрдісінің негізгі кезеңдеріне қарай дидактикалық міндеттеріне, оның сабақта шешілуіне орай, оқытудың әдістері мен студенттердің оқу еңбегін ұйымдастыру тәсілдеріне қатысты жіктеледі. Яғни, жаңа оқу материалын өту, білім, дағдыны, қабілетті жетілдіру, жинақтау және жүйелеу, аралас, бақылау және білімге, дағдыға, қабілетке түзету енгізу сабақтары қолданылса, сабақтың дәстүрлі түрі: кіріспе сабақ, бақылау, бекіту, өзіндік жұмыс, техникалық құралдармен жұмыс, практикалық жұмыс болса, сабақтың дәстүрден тыс түрі: пікір-сайыс, саяхат сабағы, театрландырылған сабақ, конференция сабағы, семинар, баспасөз, дебат, жарыс, ашық сабақ, эврикалық сабақ, ойын сабақ, аукцион сабақтары өткізіледі.

Әдеттегідей, сабақтың әдістері, сөздік: әңгіме, түсіндіру, дәріс, анықтау, сұхбат, нұсқау, дискуссия, диспут; білімді, білікті және дағдыны жетілдіру мен бекітуді оқыту әдістері: үлгі жұмыс бойынша жаттығу, түсінік беретін жаттығулар, нұсқалы жаттығулар, жеке дара, топтық, ұжымдық, шығармашылықтық практикалық жұмыстар, практикалық оқыту әдісі: өндірістік оқу лабораториялары, іс-тәжірибе, жаттығу, оқу - өндірістік еңбек; Өндірістік құралдармен жұмыс істеу, бақылау, көрнекілік әдісі: иллюстрациялау (плакаттар, карталар, картиналар, портреттер), демонстрациялау (компьютермен жұмыс, іс-тәжірибе жасау, техникалық құралдар, препараттар), бейнефильмдерді демонстрациялау, оқу телекөрсетілімін пайдалану, кітаппен жұмыс әдісі: оқу, жалпы қарап шығу, цитаттау, мазмұндау жоспар құру, конспектілеу; реферат, эссе жазу, кесте, нұсқа, индуктивтік және дедуктивтік оқыту әдістері; репродуктивтік және оқытудың проблемалы-ізденіс әдісі; оқытушының басшылығымен және өздік жұмыс әдістері; эксперименталды сабақ әдісі: ізденіс әдістері; коммуникативтік әдістер, интерактивтік оқыту әдістері кеңінен тиімді түрде пайдаланады.

химбекова Б.К., Майданали З. Инновации в лаборатории историка: цифровые курсы и историческая эвристика	251
хметуллаева Р.К., Токтабаева А.К., Мун Г.А., Мангазбаева Р.А., Ан Е.В. Роль социального открытого онлайн-курса в учебном процессе по дисциплине «Химия сокомолекулярных соединений»	253
манова С.М. Этапы формирования информационной компетенции магистрантов и обучении курса «Теоретическая и прикладная гидрохимия»	256
лескалиева Р.Г., Байузакова А., Қарамырзаев Ф. Электрондық оқулықтарды қолдану арқылы «бейорганикалық химия» пәнін оқыту ерекшеліктері	260
леспеков Т.Р., Казыбекова Э.Т. Взаимосвязь и взаимообусловленность когнитивной и эмоциональной сторон обучения	263
лесебекова Б.А. Методы и приемы обучения лексике на уроках английского языка	268
<b>лухатаева Қ. Инновациялық білім беруде Сұлтанмахмұт Торайғыров ағартушы мектебінің тәжірибесін оқыту</b>	271
Іергенбаева К. К., Тіленберген А. Қазіргі кездегі білім берудегі инновациялық тәжірибелер	274
Іірбекова Р., Аширова А. Кәсіби -бағдарлы казак тілін оқыту - коммуникативтік білім берудің нақты жолы	275
Іадыкова Р.О., Райымбекова М.Т. Тарих пәнінде интерактивті және ақпараттық технологияларды қолдану маңыздылығы	277
Іадырова М.С., Сарыбаева И.С. Использование интерактивных методов обучения в психологии	280
Іайдельдинов Д.Л., Айдарханова К.Н. Проблемы преподавания юридических дисциплин в условиях реализации принципов болонского процесса	283
Іhussupova A.I., Zhussupova G.E., Aytasheva Z.G., Mukataeva K.A. High impact teaching towards active learning in science education	286
Іжулаева А.М. Дифференцирующие профессиональные компетенции преподавателей вузов как фактор повышения качества подготовки кадров	290
Іерикбаев Б.А., Наурызбаев М.К., Камысбаев Д.Х., Кудреева Л.К. Разработка презентации лекции по технологическим дисциплинам в соответствии с концепцией инновационного обучения	294

*Ғылыми-әдістемелік басылым*

**«БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖАҢҒЫРТУ:  
АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ КАДРЛАР  
ДАЙЫНДАУ САПАСЫНЫҢ КЕПІЛІ»**

**46-ғылыми-әдістемелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**14-15 қаңтар 2016 жыл**

**3-кітап**

**ИБ №9184**

Басуға 26.02.2016 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 25,16 б.т. Оффсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №157.

Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық

университетінің «Қазак университеті» баспа үйі.

010010, Алматы қаласы, Әл-Фараби атындағы 71